

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған **Алиева Жанат Абилжанқызының «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары»** атты диссертациялық жұмысына

ШІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми сұраныстарына) байланысы

Зерттеуші Алиева Жанат Абилжанқызы аталған ғылыми зерттеу тақырыбын көтерумен-ақ жұмысының өзектілігін танытып отыр. Зерттеу жұмысында қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды ЖОО оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі мен әдіснамалық негіздері сараланып, теориялық тұрғыдан дәйектелген. Қазіргі таңдағы әдістеме ғылымының басты мәселесі – қазақ жастарын ақпараттандыру қоғамының талабына сай білімді де білікті, тәрбиелі де мәдениетті азаматтар етіп қалыптастыру. Бұл – оқыту мен тәрбиелеудің барлық саласында қарастырылып отырған өзекті мәселе. Осындай әдістеме ғылымындағы өзекті мәселелерді шешудің ұтымды жолдарын табу үшін қазақ халқының ұлттық асыл мұралары мен құндылықтарын, мұрат-мүдделері мен философиялық ой-тұжырымдарын қарастыру арқылы жастарды оқыту мен тәрбиелеуге күш салу керек.

Бүгінде қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынның көрініс табуы біршама ғалымдардың, ақындардың зерттеу нысанына айналды. Ғылыми зерттеу жұмыстары жазылып, ұжымдық жинақтар жарық көрді. Қазіргі әдебиеттанудағы бұл бағытта жүргізілген осындай зерттеу жұмыстары үлкен ғылыми жетістік болғанымен, көне түркі әдебиетінің қазақ поэзиясында көрініс табуын жоғары мектепте оқыту, оның ғылыми-әдістемелік жүйесін жасау – қазіргі кездегі кезек күттірмес мәселелердің бірі. Сол себепті қазақ поэзиясының даму үрдісіндегі дәстүр жалғастығы мен дәуірлік жаңашылдықтың негізінде көне түркі әдебиетінің көркемдік белгілерінің болуы, оны оқыту мәселелері зерттеу тақырыбының өзектілігін, әрі маңыздылығын көрсетеді.

2. «Философия докторы» дәрежесін алу үшін жазылған ғылыми жұмысқа қойылатын ғылыми квалификациялық талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Ізденуші диссертациялық жұмысында қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқыту ұстанымдарын жоғары оқу орында оқыту мәселесін кешенді түрде қарастырған.

Мақсатына жету үшін қазақ поэзиясындағы дәстүр жалғастығына ғылыми жүйеде зерделеу міндетін жүзеге асыру барысында дәстүрлі ғылыми сипаттама, кешенді талдау, жеке талдау, даралау, жинақтау, саралау, т. б. зерттеу әдістері мен тәсілдерін тиімді пайдаланған.

Зерттеуші диссертациялық жұмысын үш бөлімдік тақырыпта жазған. Бірінші бөлімі «Қазақ өлеңінің тарихындағы көне түркілік ықпалдастық негіздері» деген атаумен үш тармақшаға жіктеліп қарастырылған. Бұл бөлімде диссертант қазақ әдебиеттану ғылымында қазіргі кезде өзекті тақырып болып табылатын түркілік сарынның теориялық негіздемелерінің жасалу, қалану сипатын ашып, алғашқы зерттеушілерді, жазушыларды, олардың еңбектерін, зерттеулерін негізге алады. Осы арқылы поэзияда қалыптасқан дәстүрлі шығармашылық жолды, ол дәстүрліктің даралық сипатқа түсіп, басқа қырынан қазіргі ғасырлық кезеңде жалғастық жолын іздеуге итермелейді. Бұл арқылы зерттеуші жұмысының нәтижесін қазақ поэзиясының дәстүрлік сипатын, даралығын әдебиетті дәуірлік кезеңге бөлу әдісімен қарастыру арқылы көрсетуге болатындығын айтады.

Десе де, түркілік сарынның қалыптасып, дамуында ерекше бір нақты белгілердің болмауы, бұл жанрдың айқын белгілерін көрсететін мысалдарға, оның жанрлық жүйесіне сараптама жасауды қажет ететіндіктен, бірінші тарауда түркілік сарын табиғатын философиялық және әдеби тұрғыдан да талдап шығуға ден қойған.

«Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» деген II тарауда Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін және танымдық сипатын сөз еткен.

«Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесі» деген III тарауды жоғары мектепте көне түркілік сарынды жаңа инновациялық технологиялармен оқыту және оқытудың эксперименттік нәтижелері сөз болады. Мұнда негізінен оқытудың антропоөзектілік, креативтілік және нәтижелік, мотивациялық, интеграциялық, инновациялық сияқты ұстаным түрлері негізге алынып, әрқайсысына жеке-жеке талдау жасалынған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың ғылыми негізі мен шынайылық дәрежесі диссертацияның жалпы мазмұндық жоспарынан, тармақшаларда жинақталған пікірлер мен көзқарастардан анықталады. Жұмыста ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер жыр, толғаулардан және жекелеген авторлар шығармашылығынан алынған туындылардан үзінділер келтіріле талданып, ғалымдардың ғылыми қағидалары мен тұжырымдары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Ғылыми жұмыстың жан-жақты дәлелденген ғылыми-әдістемелік жаңалықтарының қатарына қазақ поэзиясындағы көне түркілік

сарынды оқытудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерінің алғаш рет айқындалып, оның қалыптасуына ықпал еткен алғышарттарына сипаттама берілуі, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың педагогикалық-психологиялық, философиялық негіздерінің анықталып, ғылыми жүйеленуі жатады. Сонымен қатар диссертациялық жұмыстың нәтижесі ретінде болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлауда пайдалану үшін «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқыту әдістемесі» курсының оқу-әдістемелік кешені дайындалып, ұсынылған және деректердің ғалымдар зерттеуімен тұжырымдалып, нақтылануымен, өзіндік нәтиже беріп, қорытынды жасалуымен шешімін табады.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертация мазмұны белгілі бір жүйе бойынша тараулардың тараушалармен ішкі бірлігінде жазылған. Үш тараудан тұратын ғылыми жұмыстың тараулары «Қазақ өлеңінің тарихындағы көне түркілік ықпалдастық негіздері», «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері», «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесі» деп аталып, әр тарау бірнеше тараушаларға бөлінген. Ол зерттеу жұмысында талданып отырған материалдарды ғылыми негіздеуге, ой желісін дұрыс құрастыруға жеңіл және қолайлы болған. Әр бөлімде түйінделген ғылыми нәтижелер ішкі бірлікте жалғасын тауып, ғылыми негізделіп отырады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге міндетті болатындығы.

Ізденуші жұмысты жазу барысында зерттеу тақырыбы бойынша әртүрлі іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстары мен сүбелі еңбектерге талдау жүргізіп, алға қойған мақсат-міндеттерін орындай білген. Зерттеу нәтижесінде ол қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жан-жақты, жүйелі де ауқымды түрде саралап көрсеткен. Ж.А.Алиеваның жаңаша сипатта талданған докторлық диссертациясы – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық мәселелеріне қатысты өзіндік үлес қоса алады деп ойлаймын. Зерттеу жұмысының қорытындыларын ЖОО жүргізілетін «Ежелгі дәуір және түркі халықтарының әдебиеті», «Қазақ хандық дәуір әдебиеті», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндерін оқыту барысында тиімді қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Докторлық диссертация жұмысының қорытындылары мен нәтижелері халықаралық және республикалық конференцияларда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда талқыланып, жарияланған.

Зерттеу жұмысы бойынша ғылыми мақалалар және де авторлық бірлестікте 1 оқу құралы шыққан.

8. Диссертацияның мазмұны мен жазылуы жағынан кездескен кемшіліктер.

Диссертацияның мазмұнында және жазылуына байланысты ізденушіге төмендегі ескертпе-ұсыныстарды айтқымыз келеді:

1. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын мәселесіне қатысты нақты мәтіндік қосымша хрестоматия екшеленгені дұрыс болар еді.

2. Көне түркілік сарынға қатысты әлемдік әдебиеттану ғылымының соңғы мойындалған белгілі зерттеулеріне талдау жасалу керек еді.

9. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Диссертация жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған. Ғылыми жұмысқа қойылатын стандартты талаптар (гуманитарлық пәндер бойынша) толық сақталған. Ғылыми жұмыстың мәтін көлемі, шрифт өлшемдері, т.б. тиісті талаптар сақталған. Диссертацияның жоспарлық мазмұны жеткілікті тиянақталып жазылған деп бағалап, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми оппонент:

Филология ғылымдарының

докторы, профессор,

М.О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер

институтының бас ғылыми

қызметкері

А. Темишев



Ісмақова Айгүл Серікқызы

А.С. Темишев атын
растаймын к/б. аға инспекторы
02» 05 2017ж. Подпись *А.С. Темишев*